

## Карантинді алу туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Тоқмансай ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 6 маусымдағы № 16 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37- бабы 3-тармағы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, "Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алға аудандық аумақтық инспекциясы" ММ-нің басшысы Б.Хайтбаевтың 2024 жылғы 06 маусымдағы № 02-06-14/115 ұсынысы негізінде, Тоқмансай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Алға ауданы Тоқмансай ауылдық округі Қайнар ауылындағы "Қасен" шаруа қожалығының мүйізді ірі қара малдарының арасында пастереллез жұқпалы ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралар жүргізіліп, сынамалардың "теріс" нәтиже көрсетуіне байланысты карантин алынып тасталынсын.
2. Алға ауданы Тоқмансай ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 9 "Тоқмансай ауылдық округі "Қасен" шаруа қожалығында мүйізді ірі қара малдарының арасында пастереллез жұқпалы ауруының анықталуына байланысты карантин белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Тоқмансай ауылдық  
округінің әкімі*

*Ш. Ж. Кушкимбаев*